

Республикалық лингвистикалық олимпиаданың үшінші кезеңі (2023-2024 оқу жылы)

26 желтоқсан 2023 жыл

Бұл кезеңде сізге 3 лингвистикалық есепті шешу ұсынылады. Мұнда лингвистиканы білу қажет емес. Тапсырмаларды шешу үшін қажет ақпараттың барлығы есептердің өзінде бар. Барлығы 120 ұпай жинай аласыз, тапсырмалардың бағалануы төменде көрсетілген.

Сәттілік тілейміз!

Тапсырмалардың бағалануы

Есеп	Ұпай
1	40
2	40
3	40
Жалпы:	120

Лингвистикадан XXI халықаралық олимпиадасына іріктеу

KazLingO

1 Меммем

Понпей тілінің сөздері мен олардың екі еселенген тұлғалары жуық транскрипциямен берілген:

dow өрмелеу	dowdow	wal лақтыруға	wewal
yaŋ ертіп жүру	yeyəŋ	<i>ыңғайлы</i>	
dod жеке	dondod	mop ауа жетпеу	mommop
pou суық	popou	wai аңдып келу	wawai
uk жылдам	uku:k	wa тасу	wewa
u:to:r тәуелсіз	u:iu:to:r	kaŋ жеу	kaŋkaŋ
ŋau үру	ŋauŋau	par кесу	parapar
mem тәтті	memmem	lou суыған	lolou
sal ашулану	sansal	alu жүру	alialu
arekarek құмды	ariarekarek	lok қиналу	lokolok
it толтырылған	iti:t	el уқалау	ele:l
		pat бірге болу	patapat

1-тапсырма (7 ұпай). Келесі сөздердің екі еселенген тұлғаларын жазыңыз: **ker** ағу, **was** жағымсыз, **kik** тебу, **tal** тықылдату, **us** суырып алу, **inen** түзу.

2-тапсырма (3 ұпай). Төменде понпей тілінің түпнұсқа орфографиясымен жазылған екі етістік және олардың екі еселенген тұлғалары берілген:

pei суга батпай тұру	peipei
pei күресу	pepei

Осы етістіктердің екі еселенген тұлғалары неге екі түрлі екенін түсіндіріңіз.

3-тапсырма. adsuwed жаман атаққа ие болу сөзінің екі еселенген тұлғасы әдеттен тыс жолмен жасалады: **ada:dsuwed**.

а) (2 ұпай) Екі еселенген тұлғаның “әдетке сай”, болжалды түрі қандай болушы керек еді?

б) (5 ұпай) Осы сөздің екі еселенген тұлғасы неге осындай екенін түсіндіріп көріңіз.

4-тапсырма (23 ұпай). Понпей сөздерінің екі еселенген тұлғалары қалай құрылатынын сипаттаңыз.

△ Понпей тілі Австронезия тіл отбасының Микронезиялық тобына жатады. Бұл тілде Понпей аралында шамамен 29 мың адам сөйлейді.

: белгісі алдыңғы дауысты дыбыстың созылымдығын білдіреді, **y** әрпі *й* деп оқылады, **ŋ** = *кең* сөзіндегі *ң*, **w** = *ауа* сөзіндегі *у*.

2 Мыны-кім?

Сізге уитото тілі оқулығының үзінділері берілген. Бұл үзінділерде сөйлемдердің қазақ тілінен мынықа диалектісіне аудару мысалдары және олардың мәнмәтіндері көрсетілген:

Хуан айтып жатыр:

1. *Мен ұйықтап жатырмын.* → **Inidicue.**

Педро, Карлос және Луис айтып жатыр:

2. *Біз кетіп бара жатырмыз.* → **Jaidicai.**

Карлос пен Луис айтып жатыр:

3. *Біз балықты іздейміз.* → **Chamuna jenoiticoco.**

Карлос пен Алехандра Хуанның иті туралы айтып жатыр:

4. *Оның иті бізді тістеді.* → **Afemie jico cocona ainide.**

Алехандра мен Мария София мен Франсискаға айтып жатыр:

5. *Біз бүгін сендердің аналарыңа* көмектесіп жатырмыз.* → **Birui omoingoï eina canodicaingai.**

Марияның күйеуі туралы айтылып жатыр:

6. *Марияның күйеуі кетеді.* → **Maria ini jaite.**

Софияға айтылып жатыр:

7. *Кеше сен Боготаға кеттің.* → **Nauï Bogotamo jaidio.**

Мария туралы айтылып жатыр:

8. *Қазір ол үйге оралып жатыр.* → **Ja afengo jofomo ifede.**

Франсиска Хуан мен Педроға айтып жатыр:

9. *Сендер менің анаңсымды жесдіңдер.* → **Cue rozillina riediomicoï.**

Франсиска, Алехандра, Мария және Софияға айтылып жатыр:

10. *Сендер өзенге ораласыңдар.* → **Imanimo ifeitiomoi.**

София мен Франсиска Хуан мен Алехандраға айтып жатыр:

11. *Біздің әкеміз сендердің доңыздарыңды* сатып алады.* → **Caingai moo omicoï merona ibaite.**

Педроның әйелі туралы айтылып жатыр:

12. *Педроның әйелі қазір су ішіп жатыр.* → **Ja Pedro ai jainoina jirode.**

Хуанға айтылып жатыр:

13. *Сен банан жейсің.* → **Oogodona rieitio.**

1-тапсырма (4 ұпай). “Кету” етістігі уитото тілінде сәл өзгешелеу жіктеледі. Бұның мүмкін себебін түсіндіріп көріңіз. Айтпақшы, тура сол себептен сіз есепте берілген етістіктердің біреуін нақты түрде жіктей алмайтын боласыз - бұл қай етістік?

2-тапсырма (4 ұпай). Оқулықтан алынған келесі сөйлемдерді уитото тілінен қазақ тіліне аударыңыз:

София, Алехандра, Мария және Франсиска айтып жатыр:

14. **Jaïnoïna jiroiticaï.**

Франсиска Педро, Карлос және Хуанға айтып жатыр:

15. **Omoï jofona jenodïcue.**

Луиске айтылып жатыр:

16. **Afemie o moona canoite.**

Егер сіз қандай да бір жағдайда аударудың бірнеше жолы бар деп ойласаңыз, олардың барлығын келтіріп, себебін түсіндіріңіз.

3-тапсырма (10 ұпай). Келесі сөйлемдерді қазақ тілінен уитото тіліне аударыңыз:

17. *Мені балық тістеп жатыр.*

18. *Менің әйелім кеше ұйықтады.*

19. *Біз анамызға ораламыз.*

Егер сіз қандай да бір жағдайда аударудың бірнеше жолы бар деп ойласаңыз, олардың барлығын келтіріп, себебін түсіндіріңіз.

4-тапсырма (22 ұпай). Уитото сөйлемдерінің құрылымын сипаттаңыз.

△ Мынықа диалектісі — Амазон өзенінің солтүстік-батысында Колумбия мен Перуде кең таралған уитото тілінің үш диалектісінің бірі. Диалектіде 2000-нан аз адам сөйлейді. Дауысты дыбыстың екі рет жазылуы оның созылымдығын білдіреді, **i** әрпі шамамен *y* сияқты оқылады, **c** = *к*, **ch** = *ч*, **ll** ≈ *дж*, **j** = *ж*, **ng** = ‘кең’ сөзіндегі *ң* және ағылшын тілінің ‘thing’ сөзіндегі *ng*, **z** = ағылшын тілінің ‘thing’ сөзіндегі *th*.

Карлос, Луис, Педро және Хуан — ер есімдері, ал Алехандра, Мария, София, Франсиска — әйел есімдері. Богота — Колумбияның астанасы.

*Мұнда *bir* ана және *bir* доңыз туралы айтылып жатыр.

3 Екпіні күшейген жел ғана емес

Сентани тілінің сөздері берілген және олардың негізгі (буын алдындағы ') және қосымша (буын алдындағы ,) екпіндері белгіленген:

ə'dətm – *сендерді көру*

u'kəwnə – *ол оған айтты*

'joku – *ит*

a,diləmi'hibe – *сен екеуің оларды жинайсыңдар*

a'nəke – *ол (бір нәрсені) жеді*

u'kaɲnəle – *олар оған айтты*

ə,naɲnə'wənde – *олар оған барып айтады*

hoj'nobo – *ол үшін (бір нәрсені) өлтір*

how'boke – *ол (бір нәрсені) өлтірді*

mo'kodu – *арқа*

'wəwnəle – *сен оған айтасың*

ha,bəwkoکا'wale – *мен сені үрдым*

,ədəka'wale – *мен сені көрдім*

an'keɲ – *құлақ*

holo'boj – *зат тасуға арналған тор*

,əjanəj'koj – *ол (бір нәрсені) жеді, бірақ енді жемейтін болады*

1-тапсырма (20 ұпай). Келесі сөздерде негізгі және қосымша екпіндерді белгілеп шығыңыз:

ələj – *айт!*

nəwmeke – *ол жүзіп кетті*

habəwdokoke – *ол мені үрды*

hokolo – *жас*

nəkəndəj – *маса*

ənaɲnəkənsinde – *олар бұны лақтырады*

keɲnəhi – *бұны лақтыр!*

kambi – *мойын*

adilədəmihim – *мен оларды жинайын*

faləm – *бас*

handəboke – *біз (бір нәрсені) өлтірдік*

2-тапсырма (20 ұпай). Сентани тілінде екпіндерді дұрыс қоюға мүмкіндік беретін ережелерді жазыңыз.

△ Сентани тілі - папуа тілдерінің бірі. Бұл тілде Индонезиядағы Папуа провинциясының Сентани көлінің айналасындағы 30-ға жуық ауыл сөйлейді.

ə дауыстысы - бейтарап дауысты дыбыс, ол орыс тілінің 'заголовок' сөзіндегі *a* деп оқылады.